JOURNAL OF THE NATIONAL CONGRESS OF HISTORIANS
ISSN: 3105-0042. eISSN: 3105-0050

NATIONAL HISTORY – ОТАН ТАРИХЫ – ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ИСТОРИЯ

Ғылыми мақала / Research Article
МРНТИ / IRSTI 03.20.00

https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.4.137.155

The role of Yerkin Auelbekov in the spiritual, cultural development, and everyday life of the regional population during his leadership (1960-1989)

G. Tolepbergenov[a], **T. Ualiyev**[b]
[a]*Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan*
[b]*Institute for the Study of the History of the Jochi Ulus, Astana, Kazakhstan*
[b]*tarikhname10@gmail.com*

Abstract. The article investigates the impact of the prominent Soviet-era state and public figure, Yerkin Nurzhanovich Auelbekov, on the daily lives and spiritual-cultural development of the population in the regions under his leadership. Although various memoirs, journalistic pieces, and individual research articles focusing on E.N. Auelbekov's socio-political and state activities have been published over the years, his relationships with ordinary citizens and his efforts to resolve social, domestic, and cultural issues have not previously been subject to a comprehensive, targeted study. Consequently, this article examines Auelbekov's career not merely through the lens of a traditional political biography, but through the framework of its practical effect on the daily lives of the population. The empirical foundation of this study draws upon documents from the State Archives of North Kazakhstan Region, the State Archives of Kostanay Region, E.N. Auelbekov's personal fund at the State Archives of Kokshetau, and the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan. Alongside archival records, the research incorporates periodical print media spanning several decades, as well as memoirs from state and public figures, party-Soviet officials, colleagues, and ordinary workers who personally knew or worked with Auelbekov. Special emphasis is placed on cross-referencing archival documents with memoir sources, allowing for an examination of managerial dimensions directly tied to the everyday lives of the local population. The study explores Auelbekov's administrative expertise developed during his tenure in Northern Kazakhstan, as well as the distinct features of his public engagement while leading the Kokshetau, Turgay, and Kyzylorda regions. Grounded in specific source materials, the paper demonstrates that during his field visits to settlements and agricultural enterprises, he prioritized the living and working conditions of the populace, along with the state of social infrastructure-including schools, kindergartens, community clubs, retail outlets, cafeterias, and public baths. Furthermore, it analyzes the growth of cultural and educational institutions in the Kokshetau region, his commitment to national culture and art, and initiatives aimed at developing rural social infrastructure. The article also addresses educational and socio-domestic conditions of the rural population in the Turgay region, alongside measures taken to introduce production mechanization, alleviate labor conditions, and expand social infrastructure in the Kyzylorda region. The reviewed archival and memoir sources demonstrate that in E. Auelbekov's administrative practice, addressing economic targets was intrinsically linked to addressing the daily needs of the population. His contemporaries consistently recall his dedication to direct communication with citizens, frequent field visits, and personal oversight of local affairs. As a result, historical memory has preserved a enduring image of E.N. Auelbekov as a regional leader who paid exceptional attention to the social, domestic, spiritual, and cultural welfare of the people

Keywords: Yerkin Auelbekov; everyday life; socio-domestic conditions; cultural development; national culture; historical memory

© G. Tolepbergenov, T. Ualiyev, 2026

For citation: Tolepbergenova G., Ualiyev T. The role of Yerkin Auelbekov in the spiritual, cultural development, and everyday life of the regional population during his leadership (1960-1989). *Journal of the National Congress of Historians.* 2026. Vol.8, no.4, pp.137-155. https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.4.137.155

Funding. The article was prepared within the framework of the implementation of a grant from the program-targeted financing of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the topic "Writing an illustrated biographical encyclopedia on the history of Kazakhstan" (IRN BR24993173

Роль Еркина Ауельбекова в духовно-культурном развитии и повседневной жизни населения регионов в годы его руководства (1960-1989 гг.)

Г. Толепбергенов[a], Т. Уалиев[b]

[a]*Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, Кокшетау, Казахстан*

[b]*Институт изучения истории Улуса Джучи, Астана, Казахстан*

Аннотация. Статья посвящена исследованию влияния известного государственного и общественного деятеля советского периода Еркина Нуржановича Ауельбекова на повседневную жизнь и духовно-культурное развитие населения регионов, в которых он осуществлял свою деятельность. Несмотря на то, что в разные годы были опубликованы воспоминания, публицистические работы и отдельные исследовательские статьи, посвященные общественно-политической и государственной деятельности Е.Н. Ауельбекова, его взаимоотношения с простыми людьми, а также деятельность по решению социально-бытовых и духовно-культурных вопросов в возглавляемых им регионах специально и комплексно не исследовались. В связи с этим в статье деятельность Е. Ауельбекова рассматривается не только с точки зрения традиционной политической биографии, но и через ее влияние на повседневную жизнь населения. Источниковую основу исследования составили документы Государственного архива Северо-Казахстанской области, Государственного архива Костанайской области, личного фонда Е.Н. Ауельбекова в Государственном архиве города Кокшетау, а также Архива Президента Республики Казахстан. Наряду с архивными документами использованы материалы периодической печати разных лет, воспоминания государственных и общественных деятелей, партийно-советских работников, коллег и простых тружеников, лично знавших или работавших вместе с Е. Ауельбековым. Особое внимание уделяется сопоставлению архивных документов и источников мемуарного характера, что позволяет рассмотреть те стороны управленческой деятельности Е. Ауельбекова, которые были непосредственно связаны с повседневной жизнью населения. В ходе исследования рассматриваются управленческий опыт Е. Ауельбекова, сформировавшийся в период его деятельности в Северном Казахстане, а также особенности его работы с населением в годы руководства Кокшетауской, Тургайской и Кызылординской областями. На конкретных материалах показано, что во время поездок по населенным пунктам и хозяйствам он уделял внимание условиям жизни и труда населения, состоянию школ, детских садов, клубов, магазинов, столовых, бань и других объектов социальной инфраструктуры. Рассматриваются развитие культурно-просветительных учреждений в Кокшетауской области, внимание к национальной культуре и искусству, мероприятия по развитию социальной инфраструктуры сельских населенных пунктов. Анализируются также вопросы образования и социально-бытового положения сельского населения Тургайской области, а также меры, направленные на

механизацию производства, облегчение условий труда и развитие социальной инфраструктуры в Кызылординской области. Рассмотренные архивные и мемуарные материалы показывают, что в управленческой практике Е. Ауельбекова решение хозяйственных задач было тесно связано с вопросами повседневной жизни населения. Стремление непосредственно общаться с людьми, выезжать на места и лично знакомиться с положением дел постоянно отмечается в воспоминаниях его современников. В результате в исторической памяти сформировался устойчивый образ Е.Н. Ауельбекова как регионального руководителя, уделявшего особое внимание социально-бытовым, духовным и культурным вопросам жизни населения.

Ключевые слова: Еркин Ауельбеков; повседневная жизнь; социально-бытовые условия; духовно-культурное развитие; национальная культура; историческая память

Еркін Әуелбековтің өзі басқарған аймақтардағы тұрғындардың рухани-мәдени дамуы мен күнделікті өміріндегі рөлі (1960-1989 жж.)

Ғ. Төлепбергенов[a], Т. Уәлиев[b]

[a]Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

[b]Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институты, Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Мақала кеңестік кезеңдегі белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің өзі қызмет атқарған аймақтардағы тұрғындардың күнделікті өмірі мен рухани-мәдени дамуына тигізген ықпалын зерттеуге арналған. Е.Н. Әуелбековтің қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі туралы әр жылдары естеліктер, публицистикалық еңбектер мен жекелеген зерттеу мақалалары жарық көргенімен, оның қарапайым халықпен қарым-қатынасы, өзі басқарған өңірлердегі әлеуметтік-тұрмыстық және рухани-мәдени мәселелерді шешудегі қызметі арнайы зерттеу нысаны ретінде толық қарастырылған жоқ. Осыған байланысты мақалада қайраткердің қызметі дәстүрлі саяси өмірбаян тұрғысынан ғана емес, қарапайым адамдардың күнделікті өміріне ықпалы жағынан қарастырылады. Зерттеудің деректік негізін Солтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік архивінің, Қостанай облысы мемлекеттік архивінің, Көкшетау қаласы мемлекеттік архивіндегі Е.Н. Әуелбековтің жеке қорының және Қазақстан Республикасы Президенті архивінің құжаттары құрайды. Сонымен бірге әр жылдары мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған материалдар, Е. Әуелбековпен бірге қызмет атқарған мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, партия-кеңес қызметкерлерінің, қарапайым еңбек адамдарының естеліктері пайдаланылды. Архив құжаттары мен естелік деректерді салыстыра қарастыру арқылы Е. Әуелбековтің басқарушылық қызметінің күнделікті өмірмен байланысты қырларын көрсетуге назар аударылды. Зерттеу барысында Е. Әуелбековтің Солтүстік Қазақстандағы қызметі кезінде қалыптасқан басқарушылық тәжірибесі, Көкшетау, Торғай және Қызылорда облыстарын басқарған жылдарындағы халықпен жұмыс істеу ерекшеліктері қарастырылды. Оның елді мекендер мен шаруашылықтарды тікелей аралап, еңбек адамдарының тұрмыс жағдайымен танысуға, мектеп, балабақша, клуб, дүкен, асхана, монша сияқты әлеуметтік-тұрмыстық нысандардың жұмысын бақылауға ерекше мән бергені нақты деректер негізінде көрсетіледі. Көкшетау облысында мәдени-ағарту мекемелерінің ашылуы, ұлттық мәдениет пен өнерге көңіл бөлінуі, ауылдық елді мекендердің әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту шаралары қарастырылады. Торғай облысындағы білім беру, ауыл тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына байланысты мәселелерге және Қызылорда облысында өндірісті

механикаландыру, еңбек жағдайын жеңілдету мен әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған жұмыстарға талдау жасалады. Қарастырылған архивтік және естелік материалдар Е. Әуелбековтің басқару тәжірибесінде шаруашылық мәселелері мен тұрғындардың күнделікті тұрмыс-тіршілігі өзара байланысты қарастырылғанын көрсетеді. Оның халықпен тікелей қарым-қатынас орнатуға, жергілікті жердегі жағдайды өз көзімен көруге ұмтылған жұмыс тәсілі замандастарының естеліктерінде тұрақты түрде көрініс тапқан. Соның нәтижесінде Е. Әуелбеков туралы халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әлеуметтік және рухани мәселелеріне назар аударған аймақ басшысы ретіндегі бейне қалыптасты.
Түйін сөздер: Еркін Әуелбеков; күнделікті өмір; әлеуметтік-тұрмыстық жағдай; рухани-мәдени даму; ұлттық мәдениет; тарихи жады

Сілтеме жасау үшін: Төлепбергенова Ғ., Уәлиев Т. Еркін Әуелбековтің өзі басқарған аймақтардағы тұрғындардың рухани-мәдени дамуы мен күнделікті өміріндегі рөлі (1960-1989 жж.). *Journal of the National Congress of Historians.* 2026. Vol.8, no.4, pp.137-155. https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.4.137.155

Қаржыландыру. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру грантын іске асыру аясында "Қазақстан тарихы бойынша иллюстрацияланған өмірбаяндық энциклопедия жазу" (IRN BR24993173) тақырыбында дайындалды.

Кіріспе

Қазақстанның жаңа заманғы тарихында, қала берді бұрынғы поскеңестік Республикалар тарихындағы танымал тұлғалар қатарында Еркін Әуелбековтің орны ерекше. Қазақ елінің кеңестік кезеңдегі тарихын артында жарқын із қалдырған тұлғаларсыз елестету мүмкін емес. Қазақстанның кеңестік тарихы кезінде кеңестік меритократия жолымен жоғары басшылық қызметке көтерілген Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің феномені ерекше құбылыс болды. Қазіргі тарихи танымның мүмкіндіктері жеке тұлғаның қоғамдық-саяси қызметін зерттеу арқылы сол заманның ерекшелігін, әлеуметтік-саяси құбылыстардың терең қырларын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Еркін Нұржанұлы қандай лауазымды қызмет жасамасын қарапайым халықпен байланысын үзбеген, коммунистік режим салтанат құрып тұрған кезде қарапайым халықпен етене араласа білген басшы ретінде өзін жұртшылыққа сол кездің өзінде таныта білген тұлға. Бүгінге дейін кеңестік кезеңдегі Қазақстанның үш бірдей аймағының басшысы қызметін атқарған, соңғы қызметтік жолын КСРО Ұлттар Кеңесі жанындағы ұлтаралық қатынастар жөніндегі Комитет төрағасының орынбасары қызметінде аяқтаған Еркін Нұржанұлы турасында бүгінге дейін тек оның Көкшетау мен Торғай, Қызылорда өңірлерін басқарған кездердегі замандастары мен қызметтестерінің, естелік-эсселер жинақтары мен қарапайым еңбек адамдарының естелік әңгімелері күнделікті баспасөз беттерінде үзбей жарияланып келеді. Еркін Нұржанұлының жалпы қоғамдық-саяси қайраткерлігі соның ішінде қарапайым халық арасындағы қызмет бүгінгі күнге дейін арнайы зерттеу нысанына айналмай келеді. Оның есесіне, бүгінгі таңда онымен қызметтес, замандас болған адамдардың естеліктері мерзімді баспасөз беттерінде көптеп жариялануда.

Бұл еңбектерде Еркін Нұржанұлымен әр жылдары қызметтес болған партия, кеңес қызметкерлері мен қарапайым еңбек адамдарының бүгіндері құрметті демалысқа шыққан көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерлерінің естелік мақалалары толғаныс-эсселеріжарық көрді. Бұның сыртында ел ішінде аңызға бергісіз әңгімелер әлі де сақталып, айтылып келеді. Олардың қатарында Бәйкен Әшімовтың, Кәкімбек Салықовтың, Мақтай Сағдиевтың, Владислав Косаревтың, Кеңес Одағының екі мәрте Социалистік еңбек ері Н.А. Кузнецовтың, Виталий Брынкиннің, Зақаш Камалединовтың, социология ғылымдарының докторы Белгород мемлекеттік университетінің ректоры Леонид Дятченконың, Рүстем Шерияздановтың, Баян Жанғаловтың, Сейлбек Шаухамановтың, Ыдырыс Қалиұлының, Мәтен Бижановтың, Батырханов Бүркітбай Мәсіпұлының, Сәдуақас Аңсат т.б, басқа да жүзден астам көкшетаулық, торғайлық, қызылордалық азаматтардың, өзі қызмет жолын алғаш бастаған Солтүстік Қазақстандық замандастары мен қызметтестерінің естеліктерін жатқызуға болады.

Материалдар мен әдістер

Тақырыпқа байланысты бірінші деректер тобын Солтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік архивінің 286 қорында Еркін Әуелбековтің қатысуымен болған аудандық партия комитетінің пленумы материалдары, Марьевка кеңшарының директоры болған уақытындағы, Солтүстік Қазақстан облысының облыстық атқару комитеті мен облыстық партия комитетінің екінші хатшысы қызметіндегі облыстық пленум мен шаруашылық активіндегі сөйлеген сөздері, Қостанай облысы мемлекеттік архивінің 418 қорында Торғай облысының бірінші хатшысының партия – кеңес активтері кезіндегі баяндамалары, бұйрықтар мен жұмыс барысында қабылдаған шешім хаттамалары, Көкшетау қаласы мемлекеттік архивінің – 2376 қоры Е. Әуелбековтің жеке қорында оның Көкшетау облысын басқарған он жылдық қызметінің материалдары жинақталған, Қазақстан Республикасы Президент архивінің 708 қоры материалдары Орталық партия комитетінің ресми материалдары, түрлі бұйрықтар мен партиялық конференция мен пленум шешімдері, партиялық бақылау комитетінің анықтамалары мен хаттары сақталынған. Деректердің екінші тобын жергілікті және орталық баспасөз басылымдары құрайды, атап айтқанда: "Көкшетау", "Бұқпа", "Социалистік Қазақстан" газеттерінде әр жылдарда жарияланған мақалалар, сондай-ақ, "Дара тұлға", "Азамат", "Қазақтың асыл перзенті" сияқты қызметтестері мен замандастары құрастырған естелік кітаптар пайдаланылды. Мақаланы жазуда дәстүрлі және осы заманғы әдіснамалық әдістерге сүйендік. Зерттеу жұмысында тарихилық және объективтілік қағидалары басшылыққа алынды. Кеңестік кезеңдегі көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерінің тұлғалық келбетін ашуда қазіргі тарих ғылымындағы "тарих жеке тұлғада, жеке тұлға тарихта" феноменологиялық әдісі негізге алынып, 1960-1980 жж. мемлекет қайраткерінің қызметінің қарапайым адамдардың күнделікті өміріндегі атқарған рөлі тұрғысынан қарастырылды.

Әдеби шолу

Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің қоғамдық-саяси қызметі мен мемлекеттік басқарудағы орны отандық тарихнамада мен публицистикада белгілі дәрежеде орын алғанымен,

оның қарапайым халықпен қарым-қатынасы, өңірлердегі әлеуметтік-тұрмыстық және рухани-мәдени мәселелерді шешудегі күнделікті рөлі арнайы ғылыми зерттеу нысаны ретінде толық қарастырыла қойған жоқ. Е.Н. Әуелбековтің тұлғалық, азаматтық және басқарушылық қырларын ашуда замандастарының естеліктері, публицистикалық еңбектер мен оған арналған жинақтар негізгі дереккөздердің бірі саналады. Қайраткердің өмірі мен қызметін зерделеуге арналған алғашқы көлемді публицистикалық еңбектердің бірі – Ә. Шалтықовтың құрастыруымен жарық көрген "Азамат" естеліктер мен әңгімелер жинағы (2000 ж.). Осы жылы Омбы қаласында көкшетаулық журналист В. Терещуктың құрастыруымен "Сын земли" ("Туған жердің перзенті") атты естеліктер жинағы басылып шықты. Кейіннен қайраткердің мерейтойларына орай оның Торғай, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан өңірлеріндегі қызметтестері мен замандастары әзірлеген арнайы жинақтар жарық көрді. Олардың қатарында М. Мұхамедовтың редакторлығымен шыққан "Дара тұлға" (Қызылорда, 2010 ж.) және О. Әшімов, К. Салықов, К. Сағадиевтер құрастырған "Қазақтың асыл перзенті" (Алматы, 2010 ж.) кітаптарын атап өтуге болады. Е.Н. Әуелбековтің өңірлік басқару жүйесіндегі рөлі мен ұлттық руханиятқа қосқан үлесі бірқатар ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары мен мерзімді басылымдардағы зерттеу мақалаларында көрініс тапты. Мәселен, Ғ.М. Төлепбергенов өз еңбектерінде Е. Әуелбековтің шығармашылық интеллигенциямен байланысын (2008 ж.), Көкшетау өңірінің рухани-мәдени дамуындағы орнын (2013 ж.), кеңестік кезеңдегі партиялық-мемлекеттік қайраткерлігінің жалпы сипатын (2018 ж.) қарастырса, А. Бексеитовамен бірлескен зерттеуінде оның Қызылорда облысын басқарған жылдарындағы басқарушылық тәжірибесіне талдау жасады (2013 ж.). Бұдан бөлек, мерзімді баспасөз беттерінде Б. Әшімов, К. Салықов, М. Сағдиев, В. Косарев, Н. Кузнецов, В. Брынкин, С. Шаухаманов, Ы. Қалиұлы сияқты белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, сондай-ақ жергілікті еңбек ардагерлері мен журналистердің (Т. Әбішев, Б. Жұмағалиев, Ф. Қажыбай, Р. Кәрімов, К. Махамбет) естелік-эсселері тұрақты жарияланып келеді. Сондай-ақ, заманауи отандық тарихнамада 2000-шы жылдардан кейін ғана мейлінше қарқын ала бастаған микротарих, оның ішінде "антропологиялық бұрылыс" пен күнделікті өмір тарихы әдіснамалары тұрғысынан қарастырғанда, саяси тұлғалардың халықпен тікелей байланысын зерттеудің өзектілігі арта түседі. Батыс тарихнамасында XX ғ. 60-70 жылдары кең өріс алған бұл бағыт қазіргі Қазақстан тарих ғылымында саяси басшылардың қызметін дәстүрлі саяси өмірбаян шеңберінен шығып, қарапайым адамдардың әлеуметтік-тұрмыстық және моральдық-психологиялық жағдайына тигізген ықпалы аспектісінде қайта таразылауға мүмкіндік береді.

Тұжырымдай айтқанда, қолда бар әдебиеттер мен естеліктер Е.Н. Әуелбековтің іскерлік, ұйымдастырушылық және азаматтық бейнесін жан-жақты сипаттағанымен, оның басқару тәжірибесін архивтік деректермен салыстыра отырып, халықтың күнделікті өмірі мен рухани дамуындағы рөлі тұрғысынан кешенді зерделеу әлі де болса жүйелеуді талап етеді.

Зерттеу нәтижелері

Еркін Нұржанұлының жасаған қызметі туралы деректердің көпшілігін архив құжаттарымен қатар өз замандастарының естеліктері мен аңызға бергісіз әңгімелері

әсіресе оның кеңестік замандағы басшы кадрлардан бастап, қарапайым халық өкілдерімен қандай қарым-қатынаста болғандығын айқындайтын деректер молынан ұшырасады. Бұл деректер кеңестік кезеңдегі әміршіл – әкімшіл жүйе жағдайында жоғарыдан түскен бұйрықты тек орындаушы, партия функционері деңгейінде қалып қоймай, өзіне тапсырылған өңірлерде халық тұрмысын көтергені, рухани-моральдық жағынан халықты қалай көтермелегені жөнінде әрқилы мазмұндағы қызықты дерек-мәліметтер береді.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы, кезінде бірнеше облыста облыстық партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқарған Мақтай Рамазанұлы Сағдиев 1964 жылғы орақ науқаны кезінде Еркін Әуелбековтің Солтүстік Қазақстан облысының Сергеев (қазіргі Шал ақын) ауданының Афанасьевка кеңшарындағы партбюроны облыстың бірінші хатшысы Кузьма Подгорбунскийдің тапсырмасымен өзі жүргізіп, жатып қалған егінді жинап алу үшін тіпті өнертапқыштық әдісті қолданудың ұйымдастырушысы болғанын былайша еске алады: "Егін шабуға комбайнның орнына ЖБА-3 жаткасын қайта жабдықтап пайдаландық. Ол шаруаға қырсыздық пен мәймөңкелікті суқаны сүймейтін. Ешкімді ұлтқа бөліп алалаған жоқ, кейбіреулер сияқты "ұлы халық" өкілі екен деп жарамсақтануды да білмеді. Кейін Көкшетауда басшы болып жүргенде жергілікті халыққа шекесінен қарайтындарға қаратып, үлкен жиналыстарда: "Біз Қазақстанда тұрып жатқанымызды әрқашан ұмытпайық!" дегенді саналарына шегелеп, сіңіріп айтудан ешқашан жалықпады".

Солтүстік Қазақстан облысының сол кездегі бірінші хатшысы Кузьма Подгорбунский оған шаруашылықтың ең қиын тұстарына зор сенім білдіріп, жұмсап отырды. Бірде Еркін Нұржанұлы жүргізушісіне көлікке мінгеннен кейін ғана жөн сілтейді. Аудандық партия комитетінің алдына тоқтап, бірінші хатшының қабылдау бөлмесіне келеді. Күндізгі сағат 2.30-дың кезі болғанымен, бірінші хатшы кабинетінен табылмайды. Қабылдау бөлмесіндегі әйелге өзінің кім екенін айтпаған Ерекең: "Шұғыл шаруам бар еді, іздестіріп көріңізші?" – деп өтінеді. Өзі үстелдегі газеттерді ақтарып, жайбарақат тосып отыра береді.

Қабылдаудағы әйел хатшының үйіне телефон шалып: "Сізді бір қазақ күтіп отыр", – дейді. Ар жағынан: "Ол кім өзі? Трубканы бер", – дегенді естиді. Ерекең трубканы алып: "Саламатсыз ба, Петр Яковлевич!" – десе, ол сәлемін де алмастан: "Сен өзің кімсің?" – дейді жекіріп. Оған: "Сіз не, қарапайым адамды қабылдамаушы ма едіңіз?" – дегенінде, ол трубканы қоя салады. Содан кабинетіне екі сағаттан соң келген бірінші хатшы өзін кімнің тосып отырғанын аңғарып, бәйек бола бастайды: "Хатшы әйелге кім екеніңізді неге айтпағансыз, қонақасы дайындатып қоятын едім ғой..." – дейді.

Еркін Нұржанұлы көп сөз қозғамай, бір кеңшарға барып қайтқысы келетінін білдіреді. Телефон тұтқасын ала бастаған аудан басшысын тоқтатып: "Қоңырау шалмай-ақ қойыңыз, Петр Яковлевич, егер жақсы директор болса, жұмысы жүреді, малшылармен кездесеміз, шындықты солар айтады", – деп, "Смирнов" кеңшарына келеді.

Алдымен кеңсесіне соғып еді, директоры жоқ болып шықты, оның қайда жүргенін хатшысы да білмейді екен. Онда көп бөгелмей, мал фермасына бет түзейді. Бұзау қабылдайтын қорадағы әйел масаңдау екен, директорын сұраған оған: "Соңғы рет қашан келгенін де білмеймін, ай бойы көзіме түскен емес", – деп жауап береді. Жаңа төлдеген сиырдың бұзауы цемент еденде жатыр, ал бұзаушы әйелдің оған қарайтын шамасы жоқ.

Осының бәрін көріп, сыртқа шыққан соң Еркін Нұржанұлы аудан басшысына:

– Орыста "Балық басынан шіриді" деген мақал бар, бірінші хатшы жұмыс уақытында демалып жатар болса, оны көрген кеңшар директоры не істемейді? Ренжімеңіз, құрметтім, енді ана екі қораға кірейік, – дейді.

Оларда да оңып тұрған ештеңе жоқ екен, тіпті малшылары да көзге түспейді. Осы ретсіздіктерді Пилипенконың көзіне шұқып көрсеткен Ерекең оның "Кешіріңіз, бәрін түзетеміз" дегеніне онша илікпей: "Жақсы, оны уақыт көрсетеді", – деп жүріп кетеді.

Осы эпизодтан біз тың көтерілген аудандардағы моральдық-психологиялық ахуалдың қандай сипатта болғандығын, Мәскеудің бұйрығымен бір сәтте ел мен жердің "қожайыны" бола қалған келімсектердің жергілікті халық өкіліне деген көзқарасын да айқын байқаймыз. Одан әрі кеңестік дәуірдің көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мақтай Рамазанұлы өз естелігін былайша жалғайды:

"Еркін Нұржанұлын облыстық атқару комитетінің төрағалығына тағайындайтын сессияда Петр Пилипенко сөз алып, жамандай жөнеледі. Оны дөрекі жан етіп көрсетуге тырысып, мұндай жауапты қызметке лайықсыз дегенге дейін барады. Еркін Нұржанұлы сөз қоспай, соңына дейін шыдамдылық танытып, тек өзін мінберге шақырғанда ғана шығып, депутаттардың өзіне сенім көрсеткендеріне рахметін айта отырып, ең соңында Пилипенкоға қатысты жоғарыда айтылған жайды баяндап береді. Естігендер аң-таң, бәрі де мақтаулы бірінші хатшының істеп жүргені көзбояушылық екенін түсінеді. Сондағы сөзінің нүктесін: "Кімнің қалай жұмыс істейтінін уақыт көрсетеді, жолдас Пилипенко", – деп қойғанын айтсаңшы! Ерекең айтса айтқандайын, оның қалай жұмыс істегенін уақыт өзі көрсетті", – деп еске алады.

Бұл көрініс Е. Әуелбековтің жергілікті басқару жүйесінде болған жайсыз жағдайларға дұрыс көзбен қарап, ұлтаралық қатынастардағы мәселелерге де ұстамдылық көрсете білгеніне жақсы мысал бола алады. М. Сағдиевтің естелігінде оның осындай жағдайларда дау-жанжалға бармай, мәселені салиқалы, сабырлы стильде шешуге тырысқаны сипатталады.

Е.Н. Әуелбековтің мансаптық қызметінің қалыптасу кезеңі Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеру науқанымен тұспа-тұс келді. Тың игеру барысында Солтүстік Қазақстанның демографиялық және әлеуметтік жағдайы елеулі өзгерістерге ұшырап, одақтас республикалардан тыңгерлер, ауыл шаруашылығы мамандары келді. Мұндай жағдайда жергілікті басқару органдарының кадрлық құрамы мен ұлтаралық қатынастар мәселесі де орын алды. Е.Н. Әуелбеков әртүрлі этникалық ортадан шыққан жұмысшылармен, қызметкерлермен жұмыс істеп, өзінің басқарушылық қызметін шыңдай түсті.

Тың игеру науқаны оның Тимирязев академиясында алған біліміне үлкен сын болды. Ол Солтүстік Қазақстанда қызмет жасаған уақытында алған білімін өндірістік практикамен байытып, ауыл шаруашылығының таңдаулы маманы болып тәрбиеленді. Осы өңірде оның жұмыс стилі мен жұмыс кезіндегі адамдармен қарым-қатынас этикасының дағдысы қалыптасты. Ол қазақ сахарасын "игеруге" келген орыс-украин қоныстанушыларының психологиясын, жақсы-жаман жақтарын жақсы білді. Оның өзі де "тың игеруші" еді, бірақ ол өз туған жері мен халқының лайықты өкілі болуға барынша тырысты.

Тәрбиелі ұстаз отбасында тәрбиеленіп, әуелден қазақы тәрбие алған Е. Әуелбеков қазақ мәдениеті мен тілінен еш қол үзген жоқ. Барлық жұмыс орыс тілінде жүрген

заманда, әрине, оның тұлғаға тигізген әсері мықты болды. Халқы аса қазақы Қызылорда өңіріндегі қызметі кезіндегісін еске алған Еркін Нұржанұлының жұбайы Күлше Оспанқызы Еркін Нұржанұлының 70 жылдық мерейтойы қарсаңында өзінің "Зерде" журналына берген сұқбатында: "Мен өзім қызылордалықтарға дән ризамын. Өздері бір жайсаң ел. Әлі күнге дейін Ерекеңді аузынан тастамайды. Сонда қызмет істеп жүргенде жұмыстан келгенде тамсанып айтып отыратын: "Қандай қазақша әдемі сөйлейді! – деп, – Біз солтүстікте жүріп орыс болып кете жаздаған екенбіз ғой", – дейтін", – деп еске алады (Шалтықов 2000: 11)

Еркін Әуелбеков сияқты Қазақстанда тың көтеріп жатқан ел ортасынан суырылып шыққан жас дарынды сол кездегі Қазақстанның басшысы Дінмұқамбет Қонаев байқамай қалған жоқ. Небәрі отыз екі жастағы қазақтың осындай дарынды, іскер басшысын Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары қызметіне, кейін Астық және құрама жем дайындау министрі қызметіне тағайындады. Солтүстік Қазақстанда қызмет атқарған 12 жыл ішінде ол шаруашылық басқару мен партиялық жұмыстың үлкен мектебінен өтті. Орталық Еркін Әуелбековті Қазақстандағы ғана емес, Одақтық көлемдегі ең мықты аймақтық деңгейдегі басшы деп санады.

Е. Әуелбеков ХХ ғ. 60-жылдарынан бастап ел аузына іліккен, ресми атақ-даңқымен қатар партиялық номенклатура мен халық арасында үлкен бедел жинаған тұлғаның бірден-бірі еді. Сондықтан Д. Қонаев оның қабілет-дарынын жоғары бағалағанымен, болашақта өзіне бәсекелес саяси тұлға деп қарастыруы да әбден мүмкін жайт еді. Бұл жерде тағы да көрнекті мемлекет қайраткері Мақтай Сағдиев журналистерге берген сұқбатында осы пікірге маңыз береді:

"Д. Қонаев Юсуповтан бірінші хатшылық орнын қайтып алған уақытта Еркін Әуелбеков Солтүстік Қазақстан облысының облатком төрағасы қызметінде республика түгіл Одаққа танылып қалған білікті де беделді басшы еді. Сол қызметтен Қонаев оны 1965 жылдың наурызында Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары, ал 1967 жылы Астық өнімдері және құрама жем дайындау министрі етіп тағайындады. Бұл жоғарылату ма? Жоқ. Керісінше, тұқырту. Содан бұл орында Одаққа танымал Әуелбеков үш жылдан астам отырып қалды. Тың игеріліп жатқан облыстарға Мәскеудегі Тимирязев академиясын үздік бітірген және тәжірибеде сыннан мүдірмей өткен білікті де білімді басшы аса қажет еді. Тіпті Әуелбековпен бірге оқыған адам бар болғаны - сегіз. Ал облыстық дәрежеде ысылғаны одан да аз. Ауыл шаруашылығын, облысты басқара алатындай білікті, ысылған маман жоқтың қасы. Мұндай кезеңде, яғни 1968 жылы Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына жіберуді бір адамның жеке шешімі дегеннен гөрі өмір, уақыт талабы деп қараған жөн". Отыз сегіз жасында туған өлке басшылығына жіберілген Еркін Әуелбеков бұл қызметке шаруашылық пен саяси басқарушылықтың сатыларынан абыроймен өтіп, аса зор тәжірибе жинақтаған кемел басшы ретінде келді.

Еркін Нұржанұлы Көкшетау облысына хатшы болып келгенде, Көкшетау облыстық комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісінің орынбасары Төлеген Әбдірахманұлы Қаймолдиннен жарты айдың ішінде облыс басшылығы мен аудандағы стратегиялық маңызы бар зауыттардың басшылық құрамы туралы мәлімет беруді талап етті. Сонда облыстағы аудан мен қалалар басшылығында ұлты қазақ қызметкерлер бірді-екілі ғана болып шықты. Ол турасында облыстық партия активінде Е. Әуелбеков: "Мен

ұлтшыл емеспін, бірақ шовинизмге де жол бермеймін. Қазақстан – Одаққа өз еркімен кірген республика. Қазақтар – Америка үндістері емес. Осыны түсініңдер!" – деп, "Сен не бітіріп отырсың?" деп Көкшетау қалалық партия комитетінің 1-ші хатшысы Федор Михайловичті орнынан тұрғызды (Қажыбай 2004: 3-4). Мүмкін, сол кездегі Қазақстан басшылығынан ұлттық кадрларды өсіру туралы нұсқау берілген де болса керек. Алайда ол нұсқауды жергілікті жерде іске асыру - бөлек мәселе болатын. Ал Еркін Әуелбеков болса осы бір күрмеуі қиын мәселеге белсене араласып, Көкшетау облысындағы ұлттық кадрларды тәрбиелеп өсіруге зор еңбек сіңірді және жерлестерінің үлкен құрметіне бөленді.

1968 жылдың 6 наурызында Көкшетау облысының бірінші хатшысы болып сайланған кезінен бастап оның мемлекеттік, басқарушылық қабілетінің жарқырап ашылған кезеңі деп айтуымызға негіз бар[1]. Тың көтеру науқаны кезеңінде жергілікті халықтың моральдық рухы төмендеп, қазақ ауылдары тың ұжымшарларының шылауында қалып, қағажу көргенде осы жағдайды түзеуді Қазақ Республикасының сол кездегі басшысы Д. Қонаевтың қолдауымен батыл түрде қолға алды. Сөйтіп, Арықбалық, Зеренді, Чкалов, Келлер аудандары қалпына келтіріліп, Уәлиханов, Куйбышев, Ленин аудандары құрылып, бір облыстың өзінде тың науқанына байланыссыз 40-тан астам жаңа шаруашылық ұйымдастырылды, оның 30-ы қой шаруашылығына мамандандырылған шаруашылықтар болатын. Қазақ ауылдарындағы мектептер мен мәдениет ошақтарын, асфальт жол салу жұмыстары қызу қолға алынды.

Е.Н. Әуелбеков өзінің аса ауқымды мемлекеттік істермен айналысып, уақытының әр минутына дейін есептеулі екендігіне қарамастан, қайнаған өмір ортасында, қалың халықтың арасында болуды борыш санайтын. Әр ауданды жылына екі-үш рет аралайтын, кемінде екі-үш күн болып, аудан орталығын, бірнеше шаруашылықты көретін. Осындай сапары кезінде кірмеген, көрмеген нысаны қалмайтын. Аяғына керзі етігін киіп, мал қораларына кіріп кететін. Трактор-егіс бригадасының бір-екеуінде болып, дала қосының жатақханасына, ас үйі мен асханасына, ет, картоп, ас мәзіріне керекті басқа да өнімдерді сақтайтын қоймаларға кіретін. Аспаздармен сөйлесіп, олардың кәсіптік шеберліктерін байқайтын, қандай тағам түрлері дайындалатынын, ненің жетіп, ненің жетпейтінін біліп алатын. Уақыт ыңғайы келгенде механизаторлармен бірге отырып ас ішетін. Әр адамның бір күнде ішетін тамағының қаншаға түсетініне дейін сұрап жататын (Әбішев 2003: 7).

Енді осы аудандардың құрылу тарихына қатысты Рузай ауданының пленумында сөйлеген сөзіне назар аударсақ: "Өздеріңіз білетіндей, 1969 жылдың 28 мамырында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жарлығына сәйкес біздің облысымыздың территориясында екі аудан: Куйбышев және Келлер аудандары құрылуға тиісті. Бұрынғы сіздердің аудандарыңыздың шекарасында Куйбышев ауданын және облысымызда Келлер ауданын қалпына келтіру арқылы ірі аудандарды ықшамдап, басқаруды жетілдіріп, халықтың әл-ауқатын көтеруге септігін тигізеді", – дей келе, Куйбышев ауданының болашағына ерекше тоқталып, былай деген еді: "Куйбышев ауданының өсіп-өркендеу болашағы зор. Аудан орталығында жөндеу зауыты, қуатты ет комбинаты салынады, ауданда ірі бетон зауыты мен элеватор бар. Володаровка (Саумалкөл) мен Куйбышев (Новоишим) арасындағы теміржол байланысы орнатылған соң, Ресейдің Оңтүстік Орал және Батыс Сібір өлкесімен тұрақты байланыс орнайды. Бұл болашақта ауданның мәдени және экономикалық дамуына кең жол ашады, кент халқының тез өсуіне ықпал етеді"[2].

Еңбек ардагері, бригадир Келдияров Ермек Апешұлының Еркін Нұржанұлы Әуелбековпен кездескені туралы естелігінен үзінді: "Әлі есімде Еркін Нұржанұлы облыс басшысы болып тұрғанда, өзінің тікелей араласуымен қой шаруашылығын дамыту керек деген, жоспар құрып, он класс бітірген ұл балалар мен қыз балалардан "комсомол жастар шопандар бригадасы" құрылды. Көкшетау қаласының онжылдық бітірген бір топ балалармен қыздардан шопандар бригадасын алғашқылардың бірі болып Амандық совхозында құрды. Алты қыз бала, алты ер бала. Комсомол жастар шопан бригадасы Жаңадәуір бригадасында құрылды, сонда тәлімгер қамқоршы болып жас шопан Несіпбаев Бексейіт тағайындалды. Олардың жеке бағып-қағуына екі отар саулық қой, бір отар қозы, бір отар сек берді. Шопандар бригадасы тұратын екі жанұялық үйді жиһаздап барлық күнделікті керек заттармен толықтырып жас шопандарды қарсы алдық. Сол жолы алғашқы құрылған шопандар бригадасын өз көзімен көремін деп біздің совхозға облыстың бірінші хатшысы Еркін Нұржанұлы Әуелбеков келді. Ауыл маңындағы ағаш ішіне киіз үй тұрғызып, саяжай тұрғызып келген барлық қонақтарды қарсы алған едік. Жиналыс өтіп, совхоз директоры Айтқожа Қапаруұлы Қалымов жиналысты ашып сөзді облыс басшысына берді. Сондағы жосып сөйлегені әлі күнге дейін құлағымда тұр. Жиналыс біткеннен кейін совхоз директорына ал баста Комсомол жастар шопандардың малын қыстататын базаны көрем деді Совхоз директоры тосын жағдайға не жауап берерін білмей, мені ілгері баздың маңайына бар, бөлімшенің бүкіл шопанын сонда алып барып базды жөндеген болып жүріндер деп тапсырды. Баздың қасында жүргенде облыс басшысы жанында ауданның партия комитетінің бірінші хатшысы Щерба Петр Дмитревич, аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басқарма төрағасы және совхоз директоры үш машинамен келді. Совхоз директоры мені шақырып алып облыстық комитеттің бірінші хатшысына мені таныстырды. Сол жерде менен бір жарым сағат емтихан алғаны есімде қалды. Алдымен жанында әке, шешең бар ма неше балаң бар, ең үлкен балаң нешінші сыныпта оқиды, ең кішісі нешеде деп сұрады. Содан бөлімшеде неше үй бар, әр жанұяда неше адам тұрады, неше баладан бар, сегізжылдық неге жоқ? деген сұрақтар. Телефон желісі, радио барма?, Жастарға клуб бар ма?, Неше сынып, әр сыныпта неше баладан окиды?, Неше мың гектар жерге егін салады, жүгері қанша гектарға егілді?, Көпжылдық шөп неше гектар?, Әр жылы неше жүз гектарға көпжылдық шөп егіледі?, Типтік дүкен неге жоқ?, Керек заттар уақытында жеткізіле ме?, Ауыл тұрғындарына концерт, кино, қойыла ма? Барлығын сұрап, көбіне өзі жауап беріп отырады. Клуб, дүкен, сегізжылдық мектеп, бала бақша тұрғыздырып беруге уәде беріп аттанған еді" Еркін Әуелбековтің қарапайым алыс ауылдағы еңбеккерлердің жанашырлығы әлеуметтік поблемаларды терең талдап оны шешудің жолдарын қарастыруы оның негізгі жұмыс стилі еді.

Еркін Әуелбеков басқарған жылдары Көкшетау облысы Одақтың астықты облыстарының бірінші ондығына, Қазақстанда екінші орынды Ақмола облысымен кезек иеленіп отырды. 1973 жылдың 3-ші қазанында Қазақстан Орталық партия комитеті мен Министрлер Кеңесінің біріккен қаулысы "Көкшетау қаласының экономикасы мен мәдениетін дамытудың іс-шаралары туралы" деп аталынды. Нәтижесінде Еркін Нұржанұлы басқарған он жыл ішінде Көкшетау арқа төсіндегі ең бір көрікті қалаға айналып көптеген мәдени ғимараттар мен оқу орындары мен тұрғын үйлердің бүтіндей жаңа мөлтек аудандары бой көтерді. Осы жайында сол жылдары Көкшетау да көп жылдар қызмет еткен оралдық азамат Бейсен Жұмалиевтің естелігінде: Димаш

Ахмедович Оралдан мені Көкшетауға қызметке ауыстырған кезде Димекен жайдары жүзбен қабылдап, Көкшетау - қазақ халқының ардақты қонысы ғой, рухани орталығы да. Соңғы жылдары облыс басшылығында ыңғайсыздау адамдар істеп, елдің берекесін кетіре бастады. Бірер жыл бұрын өз тумасы Еркін Әуелбековті жібергенбіз. Жақсы істеп жатыр, ыждаһатты жігерлі де алғыр жігіт. Елдің еңсесін көтере бастады. Соңғы он бес жылда облыс идеологтары қазақтың мәдениеті мен дәстүрінен бейхабар ұлт өкілдері болғанын айтып, Әуелбеков тәжірибесі мол идеолог сұраған соң сізді Көкшетауға жіберіп отырмыз... Облыстық партия конференциясына арналған концертте Еңбекшілдер ауданынан келген бір-ақ қазақ қызы ән айтты, киімі де жұпыны.. Басқа номерлер орысша. Қазақтың әнін асқақтатқан Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай мұралары неге шырқалмайды деген ой келді. Концертке көңілі толмаған Еркін кешкі отырыста маған қарап сөз тастады. "Жаңа идеолог алдында күрделі міндеттер тұр. Бірақ бәрінен бұрын мәдениет мәселесін қызу қолға алу керек. Көкшенің әнмен шыққан даңқын қайта лаулатып, биікке көтеру ләзім, бұл әсіресе 150 жылдығын мерекелейтін Көкшетау үшін маңызды мәселе. Астық тасқынына сай мәдени өрлеу де керек. Біздің жақтан қолдау, сіздің қалтаңызда деп есептеңіз" (Жұмағалиев 2005: 2-3). Қазіргі Бурабай, бұрынғы Енбекшілдер ауданының қазақтың ірі ауылы Мәдениеттің түбегіндегі "Ақ қайың" деген жерде облыс шопандарының облыстық слеті жаздың аяғында өткізіліп, онда ат бәйгесі, ұлттық ойындар, балуан күрес, ақындар айтысы ұйымдастырылып, қойшы-шопандар марапатталынды бұл тойға бірнеше мың адам жиналып, облыстағы қазақ жұртшылығы асыға күтетін ұлттық – тағылымды мейрамға айналды.

Көкшетау каласында облыстық филармония, Біржан сал атындағы музыка училищесі мен Ақан сері атындағы мәдени – ағарту училищесі ашылды, мұнан өзге "Көкшетау", "Ажар", "Сувенир" сияқты ән-би ансамбльдері құрылды. Көкшетау өңірінде ұлттық мәдениетке ден қою үдерісі қалыптасты, облыстық "Көкшетау правдасы" газетінің әдебиет пен мәдениетке арналған беттері бұл газетті Көкше жұртшылығының сүйіп оқитын басылымына айналдырды.

Көкшетаудың мәдениетін көтеру үшін сол жылдары 1971 ж. қаламызда қазақ халқының ұлы перзенті Шоқан Уәлихановтың ескерткіші Қопа көліне таяу қазіргі қалалық әкімдік алаңында бой көтерді. Ескерткіш авторлары көкшетаулық мүсінші Төлеген Досмағамбетов пен архитектор Қ. Абдалиевтер болды. Елімізде Ш.Уәлихановқа Алматыда, Алтын Емелде қойылған ескерткіштер бар, көп адамдардың айтуынша соның ішіндегі ең сәтті шыққаны осы Көкшетау қаласындағы ескерткіш болып табылады.

Осы жылдары Көкшетау қаласының Орталық бөлегінің архитектуралық жобалануы аяқталып қазіргі бейнесіне сәйкестендірілді. 1977 жылы қазіргі Көкшетау мәдениет сарайы салынып онда орыс драма театры ашылды. Архитектор Земляковтың жобасымен Бас пошта үйі салынды, сол жылы алматылық архитекторлар Т.Жәнібеков пен қарағандылық мүсінші А.Билыктың авторлығымен "Мәңгі алау мен белгісіз қазақ жауынгерінің" ескерткіші ашылды. Бұл ескерткіште басқа емес, қазақ жауынгерінің бейнесінің бейнеленуі де сол кездегі облыс басшысының тікелей ұсынысымен жасалынған. Ол турасында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мақтай Рамазанұлы былай деп еске алады: Ал сол ескерткіш әу баста орыс өңді болған ғой Еркін Нұржанұлы: "Біз Қазақстанда тұрамыз", – деп алғаш зауыттан құйылып келген белгісіз батырдың басын кескізіп, оған қазақ солдатының басын қайта жапсыртып салғызған. Кеңестік

дәуірде коммунистік идеология мен шовинистік ой-пиғылдар басым болғаны белгілі, осыған байланысты жоғары жаққа патша офицеріне ескерткіш орнатты деп сол кездегі Көкшетау облысының басшысы Е.Әуелбековтің үстінен арыз түсіргендер арасында Куйбышев көшесіне қасқана қойылды деп, Әуелбековке ұлтшылдық айып тағып, Мәскеуге арыз жазушылардың бел ортасында Куйбышев музейінің (қазіргі Көкшетау қала музейі) директоры Елена Владимировна Куйбышева жүрді. Әрине, Әуелбеков бұны білмей істеген жоқ. Өзінің ішкі жүректің тереңінен шыққан қазақ ұлтының мүддесін қорғаған парасатты саясаты болатын. Осындай жайларға қарамастан қаламыздың бет-бейнесін, оның ұлттық колоритін айқындаған тағы бір қайталанбас ескерткіш дүниеге келді.

Еркін Әуелбеков 1978 жылы 26 қаңтарда Көкшетау облысынан Торғай облысына қызметке ауыстырылғанда оның тұсында басталған вокзал құрылысы одан әрі жалғастырылды 1981 ж. сол кездегі Қазақ Республикасының бірінші хатшысы Д. Қонаевтың қатысумен Республикамыздағы ең тамаша өз заманы үшін керемет құрылыс болған теміржол вокзалы ашылды. Сол кездегі Көкшетау обкомының екінші хатшысы Василий Никофорович Зуб Е. Әуелбековтің Көкшетаудан ауысуын былайша суреттейді: "1978 жылдың 20-шы қаңтарында облыстық партия конференциясы өтіп облыстағы билік ың-шыңсыз ауысты, конференцияға Қазақстан Компартиясының II хатшысы А.Коркин келіп, бұрынғы басшыға ешқандай кінә тақпай, қызметтен ауыстырудың мотивтеріне де назар аудармай, бұл ауыс-түйістің КОКП ОК-н келісіліп жасалғанын хабарлады". 1978 жылдың 26-шы қаңтарында Еркін Әуелбековті басқа қызметке ауысуына байланысты Көкшетау облысының бірінші хатшылығынан босатылатындығы жөніндегі ҚП Кокшетау облыстық партия комитетінің сегізінші пленумы қаулысы шықты[3].

Бұрынғы бастықтар ел аралағанда алдымен шаруашылық жайын түгендеп, егін мен малдың жайын білмекке ұмтылса, Еркін Әуелбеков Торғай халқының, әсіресе қазақ халқының бүгінгі тұрмыс-тіршілігі, руханияты туралы жан-жақты білуге ұмтылды. Торғай даласына алғашқы сапары кезінде ол елдегі білім-тәрбие жағдайын жете тексерді. Жүз пайыз қазақтар мекендеген кеңшар орталықтарында аралас мектептер ашылғандығын, ондағы орыс сыныптарында ауылдың бастықтарының баласы, қазақ сыныптарында қарапайым малшылардың балалары оқитындығы сияқты сорақылықтарды көріп, ол жағдайларды дереу түзетуге тапсырма берді. Жаңа бастықты елдің жалпы жағдайы, қариялардың мұң-мұқтажы, мәдени ахуал, рухани тіршілік шаруашылық көрсеткіштерінен гөрі тереңірек толғандырғаны Торғай жұртшылығының бәрін қайран қалдырды. Онысыз да жаңа бастықтың қазақ еліне ерекше көзқарасы бар екен, өте батыл екен деген әңгімелерді қазақтың "ұзынқұлағы" арқылы көршілес Көкшетау елінен, сонда барған торғайлық азаматтардан көп естіген халық енді жаңа басшының әрбір қадамынан бұл сөздердің шындық екендігін өздері байқап, көріп отырды. Айтылған мәселелердің бәрі сол жерде қалмай, барлығы көмекшісі арқылы хатқа тізіліп, болашақ атқарылатын істің жоспарына кіріп жатты. Сол кездегі Торғай даласындағы көптеген ауылдарға телехабарлар түгілі, қарапайым электр желілері тартылмаған болатын. Онда алғаш барған адам өзін өткен заманға тап болғандай әсер алатын.

Торғай облысының Жангелдин ауданында 1965-1990 жылдары комсомол, кәсіподақ, шаруашылық, партия, кеңес орындарында қызмет атқарған Сарат Әнуәрбекұлы

Қасымов ұлтымыздың біртуар азаматы туралы былайша еске алады: "Ерекеңнің алдында есеп беріп, талай сынақтан өтіп, өмір тәжірибесін алғаным үшін басымды иемін… Шаруашылықтың барлық саласы бойынша егін, мал шаруашылығын басқарудың елмен, халықпен, әсіресе кадр мамандарымен қалай жұмыс істеуді өте жетік білетіні мені тәнті етті. Бір қабылдауында болғанымда: Сенің іс-тәжірибең әлі жетіспейді, өндірісті, шаруашылықты, кез келген ел басқаратын лауазымды қызметті атқарғанда басқарудың нәтижесі осы саланы өте жетік білуің керек. Өмірдің талабына сай күнделікті іздену қажет, өзің білмесең қалай басқарасың? Екіншіден біздің сенімді ақтау керек, ол үшін сен қолыңмен егін екпейсің, мал бақпайсың- мекендеп барып отырған халқыңды бақ, болашақ ұрпақты тәрбиелейтін, қамқоршы әкесі де, шешесі де сол елдің сен боласың", деді. Басқарушысы органдарда қырық жылдан астам қызмет атқарғанда Еркін Нұржанұлының осы тілегін, талабын әр уақытта есімнен шығармадым. Еркін Нұржанұлы мен басқарып тұрған кеңшарға үш рет келіп, халықпен көзбе-көз тілдесіп, шаруашылыққа қатысты мәселелерді тікелей өзінің қатысуымен шешу үшін келетін".

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Рысбай Кәрімов Еркін Нұржанұлының Қызылорда облысын басқарған кездегі ел ішіндегі қызметі туралы былай деп жазады: "Мен қызмет бабында Еркін Нұржанұлының бір бюросында және үш қабылдауында болғанмын. Ол кісінің аудан шаруашылықтарын аралауы, халықпен кездесуі естен кетпес уақиғалар болатын. Әлі есімде 1985 жылдың 20 қыркүйек күні Аққұм кеңшарына келіп, шаруашылықты аралап, халықпен кездесті. Еркін Нұржанұлы мемлекетке 100 мың центнерге жуық күріш тапсыратын шаруашылықтың қырманындағы ОВ-20 агрегаттарында жанталасып күріш тазалап жатқан жұмысшылар мен студентерді көріп, қырманда астық тазалауда қанша адам жұмыс істейтінің сұрады. Мен мемлекетке астық тапсырудың күнделікті тапсырмасын қамтамасыз ету үшін науқанды кезеңнің үш ауысымында 150-дей жұмысшы, студенттер еңбек ететінің баяндадым. Ол мұның ескі әрі қиын әдіс екенің айтып, Терең өзектің 18 партсьезінде механикаландырылған қырман жасалып жатқаның айтты. "Сол қырманда 12-15 адам ғана жұмыс атқарады" дегенде, біз сенерімізді білмей, күмәнданған едік. Айтқандай- ақ, келесі жылы сондай қырмандар күріш шаруашылықтарында салынып, іске қосылды. Е.Н. Әуелбеков облыста ұзақ жылдар бойы күріш тазалаудың ауыр бейнетінен механикаландырылған қырманға көшірді. Аудандардың кеңшарлары мен ұжымшарлары күріш егісін жинау кезінде бұрынғыдай сырттан студенттер мен оқушыларды, басқа да адам күшімен автобазалардан тасымал көліктерін алмай, сырттан комбайнерлер шақырмай өз күштерімен шығынсыз жинап алуды Еркін Нұржанұлының басшылығымен жүзеге асырған болатын. Еркін Нұржанұлы Қызылордаға келген уақыттан бастап, жергілікті жерлердегі инфрақұрлым мәдениетін көтеруге баса маңыз берді. Ол облыс активінде сөйлеген сөзінде: "Облыстың, барлық аудандардағы шаруашылықтарға, елді мекендерге барасыңдар. Сол ауылдағы монша, қонақ үйі, сауда орындарын, асхана сияқты басқа да әлеуметтік тұрмыстық орындардың жұмыс істеу жағдайын анықтап, егер ондай орындар жоқ болса, жергілікті басшыларға оны салуға тапсырма беріп, іске қосылу уақытын белгілеп, өздерің осы тапсырманың орындалуына тікелей жауап бересіңдер" - деді. Осылайша, облыстың барлық кеңшарларында тиісті нысандар салынып, қысқа мерзімде пайдалануға берілді (Кәрімов 2020: 3).

Еркін Нұржанұлының қайтыс болғанына 40 күн толғанда қызылордалық әріптесі Кеңес Махамбет "Кызылординские вести" газетінде былай деп жазды 1985 жылы 22 қаңтарда обкомның пленумында ол кісі бірінші хатшы болып сайланғандағы бірінші кездесуде бізге, қызметін бастаған жастарға ол кісінің болмысы бірден үлкен әсер етті. Бәріміз алдымызда өте терең білімді, жігерлі, іскер тәжірибелі басшы тұрғаннын жан-тәнімізбен сезіндік. Ол қызметке келгеннен кейін 10 күн ішінде Қызылорда облысының экономикалық, әлеуметтік жағдайын жан-жақты талдаған облыстың партия – шаруашылық активіндегі әйгілі баяндамасымен сөз сөйледі. Баяндама мәтіні қазақ және орыс тілдерінде облыстық газеттерде басылып шыққанда, жұрт газет-журнал сататын дүгіршіктерге кезекке тұрып, қолдан-қолға тигізбей алып кеткен болатын (Махамбет 1999: 2-3).

Талқылау

Кеңестік кезеңдегі қазақ мемлекеттілігі тарихында Еркін Әуелбеков XX ғасырдың екінші жартысындағы Жұмабай Шаяхметов, Жұмабек Ташенов, Дінмұқамбет Қонаев сияқты қазақтың кеңестік дәуірдегі таңдаулы мемлекеттік қайраткерлері қатарындағы тұлға екендігі бүгінде тәуелсіз Қазақстанның отыз екі жылдық тарихымыздың биігінен айқын көрінеді. Еркін Әуелбеков хақында бүгінге дейін жекелген естелік кітаптар мен публицистикалық мақалалар, қатар бірқатар зерттеу мақалалары жарияланған. Еркін Әуелбековтің өмірі мен қызметі жайлы арнайы жазылған еңбектер қатарына ең алдымен публицистикалық сипаттағы көлемді еңбектер қатарына (Шалтықов 2000), белгілі көкшетаулық жорналшы В. Терещук құрастырған (Сын земли) "Туған жердің перзенті" естеліктер жинағы (Терещук 2000) Омбы қаласында жарыққа шықты. Сондай-ақ, 2010 ж. Қызылорда қ. М. Мұхамедовтың редакторлығымен қайраткердің 80 жылдығына орай "Дара тұлға" естеліктер, эсселер мен әңгімелер жинағы (Мухамедов 2010), ал, 2012 ж торғайлық қызметтестерінің ұйымдастыруымен "Қазақтың асыл перзенті" (Әшімов, Салықов, Сағадиев 2010), Еркін Нұржанұлы және шығармашылық интеллигенция өкілдері // "Шоқан тағылымы-13" - Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Көкшетау, 2008. (Төлепбергенов 2008), Е.Н. Ауельбеков партийный и государственный деятель Казахстана советской эпохи // Проблемы Востоковедения. 2018/4 (82). (Тулепбергенов 2018), "Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің қызылордалық кезеңіндегі басқарушылық қызметі" // "Қазақстан тарихшылары екінші конгресі" Астана, 25 қазан, 2013ж. (Бексеитова, Төлепбергенов 2013), XIX-XX ғғ. Көкшетау қаласының архитектуралық нысандары. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбуев Қадыржан Қабиденұлының 75 жылдық мерейтойына арналған "Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері" // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Көкшетау, 24 қаңтар 2014 ж. (Төлепбергенов 2014). "Еркін Әуелбековтің Көкшетау өңірінің рухани-мәдени дамуындағы рөлі" //"Шоқан тағылымы – 17" Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Көкшетау, 26 - 29 сәуір 2013ж. - (Төлепбергенов 2013). Еркін Әуелбековтің қоғамдық-саяси қызметі жекелеген ғылыми мақалалар арқылы біршама зерттелгенімен, оның қарапайым адамдармен қарым-қатынасы, күнделікті өмірі әлі де арнайы зерттеу нысаны бола қойған жоқ. Әрине бұл мәселенің түйінді тұстары болашақ тарихи зерттеулерге

арқау болары сөзсіз. Екіншіден, Батыс тарихнамасында XX ғ. 60-70-ші жж. қарапайым адамдардың күнделікті өмірін тарихи зерттеу объектісі ретінде қарастыру бағыты мейлінше дами бастады. Қазіргі Қазақстан тарихнамасында тұлғатану тақырыбы соның ішінде басшы болған лауазымды саяси тұлғаның қарапайым адамдардың күнделікті өміріндегі рөлі – қазіргі заманғы тарих ғылымның аса бір маңызды бағыты саналады. Қазақстандық тарихнамада бұл бағыттағы зерттеулер әсіресе 2000 жж. кейін ғана қарастырыла бастады. Біз өз мақаламызда кеңестік кезеңдегі қазақ мемлекетшілдігінің кеңестік кезеңіндегі тұлғасы болған саяси қайраткердің рөлін қарапайым адамдардың өмір-тіршілігіне тигізген ықпалы аспектісінен қарастырамыз.

Қорытынды

Әрине, бұл білікті іскер басшының халық үшін, қарапайым еңбеккерлер үшін атқарған ұлан-ғайыр қызметінің бір ұшығынан келтірілген жекелеген мысалдар ғана. Оның бұрынғы әріптесі В. А. Брынкин Еркін Нұржанұлының басқарушылық уақытын – "Әуелбеков феномені" деп атауында үлкен мән-мағына жатқаны анық. "Ол Қазақстанның қай аймағында, қандай дәрежеде қызмет жасаса да, ел өмірін ел ішінде "инкогнито" жүріп, өз көзімен көріп-білуге мейлінше ұмтылды. Торғайда, Қызылордада қызмет жасаған кезінде ол араламаған елді-мекен, разъезд, қыстақ пен балықшы ауылдарға дейін назарынан тыс қалмады. Әрине, оны ел болашағынан зор үміт күттірген сол кезеңдегі Мәскеудің "қайта құру" мен демократизациялау бағыты қанаттандырғандай еді. Оның қырына іліккен билігін асыра пайдаланған Қызылорда қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Айдосов, қалалық атқару комитетінің төрағасы Асанов бастаған 159-ға жуық басшы қызметтегі адамдар қызметтен алынған еді. Осылайша, қазақшылығы басым, сыбайластық, тамыр-туғандық көп байқалатын аймақтағы жемқорлық жағдайларының тууына уақытша болса да тосқауыл қойылған болатын.

Ол Қызылорда облысына ат ізін сегіз жыл бойы салмай қойған бірінші хатшы Д. Қонаевтың өзін де Қазақстан Компартиясының әйгілі XVI съезінде сынға алған болатын[4]. Дәл осындай сынға 1987 жылдың 14 наурызында өткен Қазақстан Компартиясының VIII пленумында сол кездегі Министрлер Кеңесінің төрағасы Н. Назарбаев ұшыраған болатын. Қызметке лайықсыз деп табылып, қызметтен қуылғандарды үн-түнсіз орнынан алып, басқа жайлы жерлерге қызметтерге ауыстыра салған шымкенттік, қызылордалық лауазымды тұлғалардың болғандығын өткір сынға алды[5].

Оның осындай халық үшін жасаған жанкешті қызметінен қарапайым көкшетаулықтар, қызылдордалықтар, торғайлықтар өте жақсы көрді. Әрине, оның қызметтегі тазалығы, халықшылдығы, қазағы селдіреп кеткен солтүстіктегі қызметі кезіндегі "ұлтшылдығы" сол уақытта халықтан жеке корпоративті түрлі материалдық артықшылықтарға ие партиялық-номенклатуралық ерекше әлеуметтік топқа айналып бара жатқан қызметкерлерге, Қазақстанға партияның тапсырмасымен Қазақстан Компартиясы қызметін "нығайтуға" сырттан әдейі жіберілген Пилипенколар мен Соломенцевтерге оның қазақшылдығы, шаруашылық істерін сырттан келген "варягтардан" әлдеқайда артық, жетік білетіндігі ұнамайтын. Кеңестік тарихта үш аймақты кезек басқарып, 20 жылдан астам тек бірінші аймақ басшысы болған бірде-бір бірінші облыс хатшысы болған емес. Е.Н. Әуелбеков аймақтар басшысы ретінде өзінің артында қарапайым халыққа

қызмет етудің моральдық-рухани дәстүрін келешек ұрпаққа үлгі аманат етіп қалдырды. Халыққа қызмет жалғыз білімнен емес, мінезден екендігін дәлелдеп кеткен саяси жігерлі, іскер басшы Е.Н. Әуелбеков. Соңғы отыз жыл ішіндегі Қазақстандағы мемлекет басқарушылық қызметтегі кеткен көптеген өрескел қателіктерді қалайша түзетуге болады деген мәселеге жауапты да осындай халықшыл басшылардың қайраткерлік қызметі тарихынан іздеген дұрыс деп білеміз.

Acknowledgements

The authors expresses their gratitude for the scholarly and editorial support provided during the preparation of this article.

Алғыс білдіру

Авторлар мақалаға ғылыми-редакторлық қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреді.

Благодарности

Авторы благодарят за научно-редакторское сопровождение статьи.

Архив дереккөздері

1. Е.Н. Әуелбековтің Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне сайлануына байланысты құжаттар. Көкшетау қалалық мемлекеттік архиві (ККҚМА). 2376-қ., 2-т., 1-іс, 1-п.
2. Е.Н. Әуелбековтің Көкшетау облысын басқарған кезеңдегі қызметіне қатысты материалдар. Көкшетау қалалық мемлекеттік архиві (ККҚМА). 2376-қ., 2-т., 2-іс, 169-170-п.
3. Е.Н. Әуелбековтің қызметтік және қоғамдық-саяси қызметіне қатысты материалдар. Көкшетау қалалық мемлекеттік архиві (ККҚМА). 2376-қ., 2-т., 1-іс, 8-п.
4. Қазақстан Компартиясы XVI съезінің стенограммасы. Қазақстан Республикасының Президенттік архиві (ҚРПА). 708-қ., 1-т., 25-іс, 174-п.
5. Қазақстан Компартиясы VIII пленумының стенограммасы. Қазақстан Республикасының Президенттік архиві (ҚРПА). ҚРПА. 708-қ., 1-т., 133-іс, 7-п.

Әдебиеттер тізімі

"Азамат": Е.Н. *Әуелбеков жайындағы естеліктер мен әңгімелер жинағы.* құраст. Ә. Шалтықов. Алматы: Зерде. 2000. 175 б.

Әбішев Т. Жұлдыздар ағып өтеді, сөнбейді. *Бұқпа.* 2003. № 27 (10 шілде). 7 б.

Әшімов О.Б., Салықов К., Сағадиев К. *Қазақтың асыл перзенті.* Алматы. 2010. 352 б.

Жұмағалиев Б. *Беделі биік текті тұлға.* Көкшетау. № 26 (16 маусым). 2005.

Кәрімов Р. Ерекең ердің ері еді. *Жалағаш жаршысы.* 27 маусым 2020. 3 б.

Қажыбай Ф. Елдің Еркіні еді. *Азат.* № 14 (20 ақпан). 2004. 3–4 бб.

Қонаев Д.А. *Ақиқаттан аттауға болмайды.* Алматы: Санат. 1994. 512 б.

Махамбет К. Таким он остался в нашей памяти. *Кызыл-Ординские вести.* 5 марта. 1999. С. 2–3.

Ұзақбаев Б. *Дара тұлға: Естеліктер, эсселер мен әңгімелер жинағы.* Қызылорда: Полиграфия. 2010. 240 б.

Терещук В. *Сын земли.* Омск: ГУИПП "Омский дом печати". 2000. 144 с.

References

"Azamat": E.N. *Auelbekov zhaiyndaghy estelikter men angimeler zhinaghy. S*haltykov A. (comp.). Almaty: Zerde Publ. 2000. 175 p. (In Kazakh).

Abishev T. Zhuldyzdar aghyp otedi, sonbeidi. *Bukpa*. 2003. no. 27 (July 10), p. 7. (In Kazakh).

Ashimov O.B., Salykov K., Sagadiev K. *Qazaqtyn asyl perzenti.* Almaty. 2010. 352 p. (In Kazakh).

Zhumagaliev B. *Bedeli biik tekti tulgha*. Kokshetau. 2005. no. 26 (June 16). (In Kazakh).

Karimov R. Ereken erdin eri edi. *Zhalagash zharshysy.* 2020. June 27. P. 3. (In Kazakh).

Qazhybay F. *Eldin Erkini edi. Azat.* 2004. no. 14 (February 20). Pp. 3-4. (In Kazakh).

Qonaev D.A. *Aqiqattan attaugha bolmaydy.* Almaty: Sanat Publ. 1994. 512 p. (In Kazakh).

Makhambet K. Thus he stayed in our memory. *Kyzyl-Ordinskie vesti.* 1999. March 5. Pp. 2-3. (In Russian).

Ұзақbaev B. *Dara tulga: Estelikter, esseler men әңgimeler zhinagy.* Kyzylorda: Poligrafiia. 2010. 240 b. (In Kazakh).

Tereshchuk V. *Syn zemli.* Omsk: GUIPP "Omskii dom pechati". 2000. 144 p. (In Russian).

Information about the authors

Galymtay M. Tolepbergenov – Doctoral student, Sh. Ualikhanov Kokshetau University, 76 Abay Street, Kokshetau, Kazakhstan, https://orcid.org/0009-0006-1676-7312, galumtai_62@mail.ru

Talapker A. Ualiyev – Senior Lecturer, Sh. Ualikhanov Kokshetau University, 76 Abay Street, Kokshetau, Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0002-0738-7338, tarikhname10@gmail.com

Авторлар туралы мәліметтер

Ғалымтай Мәлікұлы Төлепбергенов – докторант, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, қ., Абай көшесі, 76, 020000, Көкшетау, Қазақстан, https://orcid.org/0009-0006-1676-7312, galumtai_62@mail.ru

Талапкер Асқаруұлы Уәлиев – Қазақстан Республикасы, сеньор-лектор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Абай көшесі 76, 020000, Көкшетау, Қазақстан https://orcid.org/0000-0002-0738-7338, tarikhname10@gmail.com

Сведения об авторах

Галымтай Маликович Тулепбергенов – докторант, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, 020000, г. Кокшетау, ул. Абая, 76, Республика Казахстан, https://orcid.org/0009-0006-1676-7312, galumtai_62@mail.ru

Талапкер Аскарович Уалиев – Республика Казахстан, сеньор-лектор, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, 020000, ул. Абая, 76, Кокшетау, Казахстан, https://orcid.org/0000-0002-0738-7338, tarikhname10@gmail.com

Authors' Contributions

Galymtai Malikovich Tolepbergenov – formulated the original idea and overall concept of the article, identified the main directions of the research, and contributed to the collection and analysis of sources and the preparation of the initial draft of the manuscript.

Talapker Askarovich Ualiyev – developed the conceptual and methodological framework of the study, analyzed and systematized archival and historiographical materials, and contributed to structuring and scholarly editing of the manuscript and formulating the main conclusions of the study.

Авторлардың қосқан үлесі

Ғалымтай Мәлікұлы Төлепбергенов – мақаланың авторлық идеясы мен түпкі тұжырымын қалыптастырды, зерттеудің негізгі бағыттарын айқындады, деректерді жинау мен талдауға және мақаланың бастапқы мәтінін дайындауға қатысты.
Талапкер Асқаруұлы Уәлиев – зерттеудің тұжырымдамалық және әдіснамалық негіздерін әзірледі, архивтік және тарихнамалық материалдарды талдау мен жүйелеуді жүзеге асырды, мақала құрылымын қалыптастыруға, мәтінді ғылыми редакциялауға және зерттеудің негізгі қорытындыларын тұжырымдауға қатысты.

Вклад авторов

Галымтай Маликович Толепбергенов сформулировал авторскую идею и замысел статьи, определил основные направления исследования, участвовал в сборе и анализе источников и подготовке первоначального текста статьи.
Талапкер Аскарович Уалиев разработал концептуальную и методологическую основу исследования, осуществил анализ и систематизацию архивных и историографических материалов, участвовал в структурировании и научном редактировании текста, формулировании основных выводов исследования.

Disclosure of conflict of interest information. The authors claims no conflict of interest / ***Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу.*** Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / ***Раскрытие информации о конфликте интересов.*** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье.
Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 11.09.2026
Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами: 11.10.2026.
Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 10.12.2026